

Осакаров ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 68/05 "CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 10 желтоқсандағы № 112/02 қаулысы

"CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Дәуренқұлов Бақыт Бекетбайұлының өтінішін қарап, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осакаров ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 68/05 "CUPRUM MINING GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы" келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Е. Темиров

Осакаров ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "10" желтоқсандағы
№112/02
қаулысына қосымша
Осакаров ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "21" шілдедегі
№68/05
қаулысына қосымша

Оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның 2024 жылғы 04 шілдедегі № 2063-EL шекарасындағы жер учаскелерінің тізбесі

№№	Кадастрлық нөмір	Участкенің орналасқан жері	Жария сервитут белгіленуге жататын учаскелер бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-037-024	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі, "ЕвразияИнвест Ltd"	178,8074

		жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
2.	09-137-037-101	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі , "Лега" фермер қожалығы	222,033
3.	09-137-037-119	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Жансары ауылдық округі , "Нуртилеу" фермер қожалығы	31,769
	БАРЛЫҒЫ		432,6094

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК